

**С.С. ЫДЫРЫС,<sup>1</sup>**

э.ғ.д., профессор.

**Б.Ж. АЛЬМУХАМБЕТОВА,<sup>1</sup>**

э.ғ.к., доцент м.а.

**БЮЛЕНТ ШЕН,<sup>1</sup>**

докторант.

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университеті<sup>1</sup>

## ҚАЗАҚСТАНДА ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДА ЖҮЙЕСІН ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ АЛҒЫШАРТТАРЫ

### Аңдатпа


Электрондық сауда бұл негізінен тауарлар мен қызметтерді интернетте, сондай-ақ бірқатар басқа ақпараттық және телекоммуникациялық құралдар мен технологиялардың көмегімен материалдық өнім немесе қызмет көрсету түрінде жаһандық тарату құралы болып табылады. Мақалада Қазақстанда электрондық сауда жүйесін қалыптастыру мен дамытудың алғышарттары қарастырылған. Әртүрлі елдердің тәжірибесін зерттеу негізінде Қазақстанда электрондық сауда жүйесін қалыптастыру мен даму жолдары көрсетілген. Қазақстандағы электрондық сауданың қазіргі таңдағы даму жағдайы мен перспективті бағыттары талданады. Елдегі электрондық сауданы нормативтік-құқықтық тұрғыдан реттеу бағыттары ашылып көрсетілген. Шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, ақпараттық қоғамды қалыптастыру және заманауи интернет-технологияларды қолдану арқылы Қазақстанда электрондық сауданы дамытудың негізгі бағыттары анықталған. Қазақстанда электрондық сауданы дамытудың саяси және құқықтық алғышарттары ұлттық және халықаралық стратегиялық бағыттарды қалыптастырады, ал әлеуметтік-экономикалық алғышарттар ұлттық экономиканың жалпы даму жағдайымен және қоғамның электрондық сауданы қабылдауға дайындығы және оған белсенді қатысуымен сипатталады. Зерттеуді түйіндей келе, авторлар мақалада электрондық сауданы интенсификациялау дамыту алғышарты ретінде компьютерлік сауаттылық, төлем жүйесі және электрондық төлемдерді дамыту, жалпы елдің қаржылық секторын дамытуда тиімді шара болып табылады деген қорытынды жасайды.

Тірек сөздер: электронды сауда, интернет-технологиялар, төлем жүйесі, тарату, құралдар, реттеу, стратегия, бағыттар.

Тұтастай алғанда, өзінің даму тарихында ақпараттық деректермен қарапайым алмасу және ақпараттық сайттарды құрудан өз технологияларында жасанды интеллект жүйелерін қолдануға дейін өсіп, бірнеше негізгі кезеңдерден өткен қазіргі таңда бизнесті ұйымдастырудың ең перспективалы және жылдам өсіп келе жатқан бағыттарының бірі болып табылатын электрондық сауданың дамуына мүмкіндік берген «цифрлық экономика» деген жаңа ақиқаттың Қазақстанда дамуына себеп болған жаһандану, интеграция және цифрландыру объективті үдерісі қазіргі заманғы сауданы қарқынды дамыту, оның әлемдік және ұлттық экономикадағы рөлінің маңызын арттыруға негіз болды. Бұл ретте, цифрландыру деп цифрлық технологиялардың қолда бар әлеуетін бизнесті басқарудың барлық мүмкін болатын аспектілерінде: процестерде, өнімдерде, сервистерде, сондай-ақ басқару шешімдерін қабылдау тәсілдерінде барынша толық қолдану ұғынылады.

Егер дәстүрлі экономикада сауда негізінен өндіріс әлеуеті мен технологиялық дамумен байланысты болса, желілі экономикада электронды сауданы дамыту және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру көп жағдайда электронды сауда инфрақұрылымын дамытумен айқындалады. Дамыған елдерде ақпараттық технологияларды қолдану экономиканың барлық секторларында кең таралуымен және іске асырылуының жоғары қарқынымен сипатталады. Дамып жатқан экономикалардың ең қарқынды дамушы аймақтарының бірі әрине электрондық сауда болып табылады.

Әлемнің әртүрлі елдерінің тәжірибесі негізінде төмендегі суретте елдегі электронды сауда жүйесінің қалыптасуы мен дамуының негізгі алғышарттарының жіктеу құрылымы келтірілген (сурет 1, стр. 228).



Сурет 1 – Қазақстандағы электрондық сауда жүйесін қалыптастыру мен дамытудың алғышарттары

Аталған категорияларды жан-жақты негіздейтін болсақ, ғылыми алғышарттарға іргелі ғылымдар (тарих, философия, логика, әлеуметтану, саясаттану, экология, кибернетика, экономика және экономикалық теория, информатика, бақылау және жүйелер теориясы және т.б.) және қолданбалы ғылымдар (этика, эстетика, экономикалық, шаруашылық, өндірістік және коммерциялық қызметті, менеджмент және маркетингті математикалық модельдеу, логистика, статистика, қаржы және несие, құқық, жарнама, ақпараттық технологиялар, сауда ісі және басқалары), сонымен қатар ұлттық, басқару және экономика, ақпараттық технологияларды дамыту, сауда, электрондық сауда және Интернет-бизнес саласындағы ғылыми салалық мектептердің зияткерлік, шығармашылық ұжымдарының елде және әлемде қол жеткізілген қазіргі заманғы теориялық жетістіктер деңгейін жатқызады [1].

Тарихи-ғылыми алғышарттарға мемлекеттің дамуында қалыптасқан белгілі бір экономикалық кеңістіктер мен өңірлерде мамандандырылған көлік, өндірістік-шаруашылық, коммерциялық және коммуникациялық инфрақұрылымдардың болуы, сондай-ақ оларды жақсарту және өзара әрекеттесулер негізінде қалыптасқан байланыстар мен елдің дамуының ұзақ мерзімді тәжірибесі негізінде қалыптасқан дәстүр мен әдет-ғұрыптар жатады.

Ұлттық алғышарттар елдегі ұлттық құрылымның ерекшелігін, халықтың өзінің даму табиғатын, рухани және материалдық игіліктерді өндіру мен тұтыну, олардың алмасуын жүзеге асыру, өзара және басқа халықтар мен ұлттар арасындағы қарым-қатынас ерекшеліктеріне қатысты қалыптасқан дәстүрлерін қамтиды.

Қазақстанда электрондық сауданы дамытудың саяси және құқықтық алғышарттары ұлттық және халықаралық стратегиялық бағыттарды қалыптастырудан тұрады, бұл төмендегілерге негізделеді:

- ♦ адам қызметінің барлық мүмкін салаларында бейбіт халықаралық ынтымақтастықты және шығармашылық қарым-қатынасты қамтамасыз етуге бағытталған елдің мүддесін білдіретін үкіметтің жалпы мемлекеттік саясаты;

- ♦ жаһандандыруға және әлемдік экономикалық кеңістікке интеграциялануға, сондай-ақ ұлттық экономиканың мамандануы мен дамуына бағытталған Қазақстанның халықаралық саясаты;

- ♦ ақпараттық, интеллектуалдық, қаржылық және капиталдық, материалдық, сондай-ақ адам ағынының кеңістігі мен уақытында егемен мемлекеттердің шекаралары арқылы еркін өркениетті қозғалыс пен алмасуды мемлекеттік қолдау және реттеу шараларын қабылдау;

- ♦ электрондық кәсіпкерлікті дамытуды мемлекеттік қолдау шараларын әзірлеу және іске асыру [2].

Электрондық сауда бүгінгі күні барлық саудалық форматтардың ең серпінді дамып келе жатқан саласы болғандықтан ол Интернет арқылы сауда жасау және сатып алу сияқты электрондық сауда саласында өз қызметін жүзеге асыратын шаруашылық субъектілерінің

қызметіне қатысты қарым-қатынастарды реттейтін, туындайтын дауларды реттейтін тиісті құқықтық және нормативтік шектерді құру өте маңызды.

Әлеуметтік-экономикалық алғышарттарды дамыту қазіргі кезеңдегі мынадай қолданыстағы қажеттіліктермен анықталады:

- ◆ әлемдік экономикалық және ақпараттық кеңістікке толыққанды интеграциялану жолымен ұлттық экономиканы дамыту;
- ◆ тауарларды өндіру процесінде (олардың әрі қарай сатылуы, қызметтер көрсетуі) бүгінгі таңда шектеулі болып табылатын табиғи экономикалық ресурстарды тиімді пайдалану;
- ◆ мәдени, интеллектуалдық, материалдық, қаржылық, капиталдық, құқықтық және ақпараттық ағындарды ұйымдастырудың тиімділігін айтарлықтай арттыру;
- ◆ бизнесті жүргізу субъектілерінің айналымдағы қаржыларының уақыт пен кеңістіктегі айналымының жылдамдығын кеңейту;
- ◆ кешенді коммерциялық процесті сапалы басқаруды жүзеге асыру арқылы шығындарды барынша азайта отырып, тауарлы өнімдердің түпкілікті тұтынушылар сұраныстарының ассортимент құрамын толық қанағаттандыру;
- ◆ халықаралық экономикалық қызмет шеңберінде жаһандану, ынтымақтастық және мамандандыруды тереңдету;
- ◆ инвестицияның сенімді көздерін іздеу және тарту, ынталандыру және т.б.


Әлеуметтік алғышарттарға халықтың әл-ауқаты мен табыстарының артуы, сондай-ақ онлайн-сатып алу мен желідегі қызметті дамытуға дайындығы, халықтың ақпараттық мен қаржылық сауаттылығын арттыруды жатқызуға болады. Сонымен қатар, көптеген кәсіпкерлердің халықаралық және ұлттық ақпараттық орталардың мүмкіндіктерін белсенді пайдалануы маңызды әлеуметтік алғышарт болып табылады, бірақ олардың кәсіби қызметтің осы түріне арнайы дайындығы әзірге болмаған, өйткені электронды саудадағы ресурстар ағынын ұйымдастыру, жоспарлау мен басқару, маркетинг пен логистика, менеджмент саласындағы, жалпы интернеттегі бизнес бойынша мамандар Қазақстанда қазіргі кезде әлі кеңінен даярланбайды. Сонымен бірге Қазақстанда стартап ретінде электронды сауданы пайдаланып кішігірім болса да өз бизнесін дамытуға тырысатын азаматтардың саны өсіп келеді, себебі кіру кедергілері салыстырмалы түрде төмен және ашу шығындарының деңгейі орташа. Сондай-ақ интернет-сауданың дамуына халықтың компьютерлік сауаттылығының артуы да ықпал етеді.

Электрондық сауда жүйесін қалыптастыру және дамытудың ақпараттық-технологиялық алғышарттары мыналармен анықталады:

- ◆ тұтастай коммерциялық қызметті, оның ішінде электронды сауда мен интернеттегі бизнесті құқықтық және заңнамалық қамтамасыздандыру жай-күйі;
- ◆ еліміздің шекараларын екі бағыт бойынша: тауарлардың экспорты мен импорты бойынша кәсіп өтетін тауарлардың барлық түрлерінің кедендік алып жүруінің дұрыс құрылған негіздері;
- ◆ мемлекеттің көліктік бағыттарындағы ресурстық және материалдық ағындарды толық және сапалы ақпараттық қолдау;
- ◆ зияткерлік меншікті қорғауды, коммерциялық тәуекелдерді, көлік құралдарын, коммерциялық өнімдерді қорғауды, коммерциялық және корпоративтік ақпаратты қорғауды сақтандыруды қамсыздандыруды дамыту;
- ◆ бағдарламалық, компьютерлік қамтамасыз ету және шаруашылық, өндірістік, логистикалық, коммерциялық және көлік процестерін алып жүру;
- ◆ электронды коммерциялық қызметтің инвестицияларымен қаржылық, несиелік және банкілік қамсыздандыру жүйелерін құру және дамыту;
- ◆ елдегі электрондық есеп айырысу жүйелерінің даму деңгейі және т.б.

Сонымен, Қазақстанда электрондық сауданы дамытудың негізгі алғышарттарын талдайық. Қазақстанда электронды сауда экономиканың, технологиялық және нормативтік базаның, сондай-ақ тиісті инфрақұрылымның қалыптасуы мен дамуының жетілуіне қарай дамып келеді. Қазақстан Республикасы екі жылдан астам уақыт бойы Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – ЕАЭО) толық құқылы мүшесі ретінде жұмыс істеп келеді. Бұл жағдай Қазақстанға ішкі нарықтың әлеуетін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік берді. ЕАЭО құрылғаннан бері Қазақстанның серіктестермен жыл сайынғы тауар айналымының көлемі 2009 жылғы 13 млрд-тан 2015 жылы 15,8 млрд АҚШ долларына дейін 2,8 млрд АҚШ долларына өсті. ЕАЭО ортақ

нарығын құрудың арқасында Қазақстанның инвестициялық тартымдылығы айтарлықтай өсті. Алдыңғы бесжылдық кезеңмен салыстырғанда, Кедендік одақтың жұмыс істей бастаған уақытынан бері елдің өңдеу өнеркәсібіне тартылған тікелей шетелдік инвестициялар көлемі 3 есе өсті. Бұл тұтастай жүргізілетін іс-шаралар кешенінің, соның ішінде отандық даму бағдарламаларын іске асырудың нәтижесі. Өкінішке орай, 2015 жылдың аяғында әлемдегі көмірсутек бағалары мен жаһандық қаржы нарығындағы тұрақсыздық секілді бірқатар объективті себептерге байланысты Қазақстан экономикасының даму көрсеткіштері төмендеді. Бұл Қазақстанның ЖІӨ-нің өсу қарқынына теріс әсерін тигізді (2013 ж. 2012 ж. қарағанда – 106,0%, 2014 ж. 2013 ж. қарағанда – 104,4%, 2015 ж. 2014 ж. қарағанда – 101,2%) (сурет 2).



Сурет 2 – Өндіріс әдісімен есептелген Қазақстанның ішкі жалпы өнімінің динамикасы 2010–2016 жж., млн теңге

Өндірістік әдістің көмегімен ЖІӨ-нің динамикасын егжей-тегжейлі сараптауда оның тұрақты өсу үрдісі бар екендігін сеніммен айтуға болады. Жаңа құрылымдық экономиканың қалыптасып келе жатқан үлгісі ретінде «100 нақты қадам» Ұлттық жоспарының 5 институционалдық реформаларын жүзеге асыру шеңберінде құрылған жаңа түбегейлі институционалдық орта болады. Сапалы институционалдық орта – бәсекеге қабілетті адам капиталын міндетті түрде қалыптастыру арқылы бәсекелестік пен жеке капиталды дамытуға бағытталған ұзақ мерзімді табысты дамудың іргетасы. Жоғарыда аталған мақсатқа жету және мемлекеттің экономикалық әл-ауқатын қамтамасыз ету үкіметтің әлеуметтік-экономикалық саясатына негізделетін болады. Орта мерзімді перспективадағы оның басымдықтары:

- 1) макроэкономикалық және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету;
- 2) нақты сектордың тиімділігін арттыру;
- 3) бәсекелестік пен жеке капиталды одан әрі дамыту;
- 4) қоғамды әлеуметтік жаңғыртуды жүзеге асыру және халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту;
- 5) теңгерімді аймақтық даму;
- 6) заманауи, кәсіби және дербес мемлекеттік аппаратты құру;
- 7) халықаралық экономикалық кеңістікке кірігу.

Бұл, өз кезегінде, трансшекаралық электронды сауданы ұлттық экономиканың өсу қарқынын арттырудың заманауи флагманы ретінде дамытуды талап етеді. Нормативтік реттеу тұрғысында келесіні атап өтуге болады. Жалпы, Қазақстанда электрондық сауданы дамытудың бастапқы нормативтік-құқықтық базасы құрылды. Осындай кәсіпорынды құру процесі Азаматтық кодекстің және басқа да нормативтік актілердің жалпы ережелеріне бағынады, ал кәсіпкерлік қызметтің қолданыстағы жіктемесіне сәйкес бизнес түрін дұрыс таңдау қажет. Бұдан басқа, кәсіпкерлер үшін электронды коммерцияны іске асыру үшін электрондық коммерцияны жүзеге асыру ережелері қарастырылған [3].

Осылайша, 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген жаңа Салық кодексінде белгілі бір қызмет түрлерінде – тауарларды электрондық түрде сату бойынша тіркелген нормативтік

талаптарды сақтайтын салық төлеушілерге жаңа салық жеңілдіктері табыс салығы сомасын 100% азайту түрінде ұсынылады [4].

Дегенмен, тұтастай алғанда электрондық сауданың барлық ықтимал аспектілерін реттеуді қамтитын тұтас және толық нормативтік-құқықтық база құрылмаған, бірақ осы бағытта сенімді қадамдар жасалуда. Ақпараттық қоғамды құрудағы қазіргі халықаралық тәжірибеге, оның дамуындағы маңыздылығына, оның ішінде электрондық саудаға және Қазақстанда заманауи Интернет-технологияларды ымыраластыруға байланысты қызметтің басқа бағыттарына сүйене отырып төрт негізгі бағыт анықталды:

- 1) жалпы мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету;
- 2) бүкіл ел бойынша ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның қолжетімділігін арттыруды қамтамасыз ету;
- 3) заманауи қазақстандық қоғамның мәдени және әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін сапалы ақпараттық ортаны құру;
- 4) ұлттық ақпараттық кеңістікті дамыту [5].

Осылайша, Қазақстандағы ақпараттандыру бойынша мемлекеттік шараларды іске асырудың арқасында Интернетке шығу белсенді түрде кеңейіп отыр, бұл TNS Web Index мәліметтеріне сәйкес, елдегі қарқынды өсіп келе жатқан медиа-арна болып табылады, ол, мысалы, баспасөзден екі есе ауқымды [6]. 2017 жылдың нәтижелері бойынша Қазақстан Интернет желісін пайдаланушылардың саны бойынша әлемдік рейтингте 36 орынды иеленді [7].

Бүгінгі күні Қазақстанда интернет қолданушылары халықтың 77%-ын құрайды, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 4%-ға артық. Жалпы алғанда, Интернет пайдаланушылары ретінде халықтың 86%-дан астамы күн сайын желіде отырады [8]. Электрондық сауданы қарқынды дамытудың маңызды шарты – компьютерлік сауаттылық, төлем жүйелерін және электронды төлемдерді, сондай-ақ елдің жалпы қаржы секторын дамыту. Бұл мәселені шешу үшін 2021 жылға дейін еліміздің миллиондаған азаматтарын оқыту жоспарланған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы іске асырылуда. Халықтың қаржылық сауаттылығы электрондық сауда-саттықты дамытуға да әсер етеді. Мәселен, АҚШ-та азаматтардың 90% қаржылық сауатты.

Standard & Poors рейтинг агенттігінің зерттеуіне сәйкес, 2014 жылы Қазақстандағы қаржылық сауаттылық 40% құрады [9]. 2017 жылға қарай 2016 жылы іске асырылған Республика Президенті мен Ұлттық Банктің тапсырмасына сәйкес әзірленген 2016–2018 жылдарға арналған халықтың қаржылық сауаттылығын арттырудың мемлекеттік бағдарламасы арқасында бұл көрсеткіш біршама өсті. Қазақстандағы электрондық сауданы дамытуға ықпал ететін түрлі төлем жүйелерін қолдану дәрежесі де қаржылық сауаттылық деңгейіне байланысты. Елдегі қаржылық және технологиялық жаңалықтардың дамуына байланысты түрлі төлем жүйелерін құруға және пайдалануға мүмкіндік туды. Электрондық нарықтың бірегей мүмкіндіктері мен қолданыстағы артықшылықтары арқасында Қазақстанда электронды ақша бірнеше жыл бойы жұмыс істеп келеді

Қазіргі уақытта Қазақстандағы электрондық төлем қызметтері нарығының инфрақұрылымы төлемдер, төлемдер жүйесі және төлемдер нарығындағы барлық қатысушылардың қызметі саласындағы қатынастарды реттейтін 2015 жылы Қазақстан Республикасының төлемдер мен төлемдер жүйесі туралы заңын қабылдау арқылы дамып келеді. 2015 жылдың басында елде 18,7 млрд теңге электронды ақша шығарылды, олардың айналымы 949,8 млн теңгені құрады [10].

Қазақстандағы электрондық сауданы дамытудың негізгі алғышарттары ел экономикасының жалпы жағдайы, халықтың компьютерлік және қаржылық сауаттылығын дамыту, Интернеттің қолжетімділігі мен таралуы, интернетке қолжетімділігі бар мобильді құрылғылардың пайдаланушыларының санын көбейту, елдегі төлем жүйелерін және қаржы секторын дамыту, сондай-ақ, Интернеттегі сауда-саттық қызметін жүргізу үшін оңтайлы климатты қалыптастыру (интернет-сауданы ұйымдастырудағы салықтық жеңілдіктер және т.б.) болып табылады.

Қазақстанның экономикасы үшін электрондық сауда нарығының артықшылығы – көлеңкелі экономиканың үлесін азайту, трансшекаралық сауданы дамыту, халықтың әл-ауқатын арттыру, ШОБ дамыту және т.б. болып табылады.

- 1 Воронов В.И. Электронная коммерция и экономика: учеб.-метод. пособие. – Владивосток: Изд-во ВГУЭиС, 2014. – 68 с.
- 2 Воронов В.И., Лазарев В.А., Шульга А.Ю. Электронная коммерция и экономика. [Электронный ресурс]: <https://abc.vvsu.ru/books>.
- 3 Об утверждении Правил осуществления электронной торговли»: утв. приказом министра национальной экономики Республики Казахстан 25 ноября 2015 г. № 720.
- 4 Налогообложение электронной торговли товарами. [Электронный ресурс]: <https://www.zakon.kz>.
- 5 Государственная программа «Информационный Казахстан–2020».
- 6 Интернет-аудитория Казахстана: портрет и предпочтения пользователя. [Электронный ресурс]: <https://forbes.kz/stats>.
- 7 По данным Всемирного экономического форума. [Электронный ресурс]: <https://kursiv.kz/news/2018>.
- 8 Google провел исследование казахстанских пользователей интернета. [Электронный ресурс]: <https://regnum.ru>.
- 9 Финансовая грамотность: почему она важна и что нужно знать? [Электронный ресурс]: <https://inforburo.kz>.
- 10 Казыбаев А.К Платежная система как важнейший инструмент электронной торговли. [Электронный ресурс]: <http://srtv.gks.ru>.

#### Аннотация

Электронная торговля – это сфера глобальной реализации товаров в форме материального продукта или услуги главным образом посредством интернета, а также при помощи ряда других информационно-телекоммуникационных средств и технологий. В статье представлены основные предпосылки формирования и развития электронной торговой системы в Казахстане. На основе изучения зарубежной практики выделены пути формирования и развития электронной торговой системы в Казахстане. Проанализированы современное состояние и перспективы развития электронной торговли в Казахстане. Особое внимание уделено отдельным инструментам нормативно-правового регулирования электронной торговли в стране. Основываясь на международном опыте и основных тенденциях развития электронной торговли в Казахстане, были определены условия формирования информационного общества и использования современных интернет-технологий. Политические и правовые предпосылки развития электронной торговли в Казахстане формируют национальные и международные стратегические тенденции, а социально-экономические условия характеризуются общим развитием национальной экономики и готовностью общества использовать электронную торговлю и активно участвовать в ней. Подводя итог исследованиям, авторы заключают, что основными предпосылками интенсивного развития электронной торговли является развитие компьютерной грамотности, развитие платежных систем и электронных платежей, а также развитие финансового сектора страны.

Ключевые слова: электронная коммерция, интернет-технологии, платежные системы, реализация, инструменты, регулирование, стратегия, тенденции.

#### Abstract

E-commerce is a sphere of global sales of goods in the form of a tangible product or service, mainly through the Internet, as well as with the help of a number of other information and telecommunication means and technologies. This article presents the main prerequisites for the formation and development of an electronic trading system in Kazakhstan. Based on the study of foreign practice, the prerequisites for the formation and development of the electronic trading system in Kazakhstan are highlighted. The current state and prospects of development of electronic commerce in Kazakhstan are analyzed in the article. Special attention was paid to the individual instruments of the legal regulation of electronic commerce in the country. Based on international experience and on the main trends in the development of electronic commerce in Kazakhstan, the prerequisites for the formation of the information society and the use of modern Internet technologies were identified. The political and legal prerequisites for the development of e-commerce in Kazakhstan form national and international strategic trends, and the socio-economic conditions are characterized by the general development of the national economy and the willingness of society to receive e-commerce and actively participate in it. Summing up the research, the authors conclude that the main prerequisites for the intensive development of electronic commerce are the development of computer literacy, the development of payment systems and electronic payments, and the development of the country's financial sector.

Key words: electronic commerce, internet technology, payment systems, realization, tools, regulations, strategy, tendency.